

ӘОЖ 378.6

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ «АБАЙТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АЛИМБАЕВ А.Е.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: aslan_alimbaev@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада жоғары мектепте «Абайтану» пәнін оқытудың әдістемесі сараланған. Әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде қалыптасқан Абайтанудың жаңа бағыттарын өскелең ұрпаққа оқытудың мақсат-міндеттері қарастырылған.

Кілт сөздер: жоғары мектеп, Абайтану, әдебиеттану, толық адам, тәлім-тәрбие, білім.

Кіріспе. ХХІ ғасыр гуманитарлық білімнің жан-жақты дамыған кезеңі деп айтсақ, қателеспейтініміз анық. Ғылым бір орында тұрмайтын дүние болғандықтан, заман талабына сай өзгеріп, жаңаша күйге еніп отыратыны рас. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиеттану ғылымының Абайтану саласы да заманына қарай басқа ғылым салаларымен, қоғамдық өмірмен тығыз байланыста жаңаша бағытта өзгеріп келе жатыр. Дәстүр жалғастығын бұзбай, жаһандану дәуірінде абайтану ғылымын өз биігінде қалдырудың жаңаша әдістемесі керек-ақ. ХХІ ғасыр қазақ мектептері де жаңартылған білім беру мазмұнына көшіп, өзге арнаға түскеніне де біраз уақыт болды. Ал, жоғары мектептің еуропалық жүйесіне ауысқанына да он жылдан асып барады.

Негізгі бөлім. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл басындағы «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абайды насихаттау, оның шығармашылығын әлемге таныту, жас ұрпаққа Абай тағылымын үйрету жолдарын анық атап өткен. Мақалада: «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды», - деп атап өтіледі [1]. Абай әлемінің ерекшелігін таныту арқылы біз ұлттық мемлекеттігімізді сақтап, көне түркі заманынан жалғасып келе жатқан «Мәңгілік Ел» идеясының өміршеңдігін танытамыз.

Жоғары оқу орындарында оқу бағдарламалары әртүрлі екені баршамызға аян. Ал, абайтану білім ордаларының негізгі бағытына қарамастан, оқытылуы тиіс деп санаймыз. «Жалпы, кез-келген істе жүйелілік, бірізділік болса – нәтиже

болады. «Абайтану» пәні мамандығына қарамастан міндетті пәндер қатарына қосса! Әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелерінде, топтың оқу тіліне қарамастан «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Абайтану» - осы төрт пән оқытылса. Мектеп, орта білім, жоғары білім деңгейлеріне байланысты оқу бағдарламаларын жаңғыртып, жаппай мемлекеттік ауқымда жүргізілсе деген ниет» [2]. Осы аталған іс қолға алынып жүзеге асып келеді.

Мақаламызда «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасында жүргізілетін «Абайтану» курсының оқу бағдарламаларын салыстырмалы түрде қарастырамыз.

I ЖОО		II ЖОО
№	Дәріс тақырыптары	
1	«Абайтанудың» зерттелу тарихы	Кіріспе. Абай Құнанбаев өмірбаяны
2	Абай өмір сүрген дәуір	Абай лирикалары
3	Абайдың шығармашылық өмір жолы	Абайдың философиялық лирикасы
4	Абайдың танымдық көздері	Абай - махаббат жаршысы
5	Абай және зар заман әдеби ағымы	Табиғат лирикасының көркемдік ерекшелігі
6	Абай және қазақ идеясы	Ақынның саяси-әлеуметтік лирикасының мазмұндық сипаты
7	Абай және қазақ қоғамы	Абайдың қара сөздері
8	Абай және діни таным (Жаратушы идеясы)	Абай қара сөздерінің жазылу тарихы
9	Абай және орыс әдебиеті	Абайдың көркем аудармалары
10	Абай және Шығыс өркениеті	Абай поэмаларының көркемдік ерекшелігі
11	Абай және Батыстық өркениет	Абайдың эстетикалық тағылымы
12	Абайдың “Қара сөздері”	Абай әдеби мұрасындағы шығыстық сарындар
13	Абайдың дастандары мен аудармалары	Абайдың сөз өрнегі
14	Абай шығармаларының	Абайтану ғылымы және оның даму

	текстологиясы	тарихы
15	Абай және жәдиттік ағым	М.Әуезов – абайтанушы

(Мәліметтер ғаламтор желісінен алынды)

Жоғары мектепте «Абайтану» пәні жан-жақты қарастырылып, оқытылып жатқанын екі бағандағы тақырыптардан көріп отырмыз. Дәріс тақырыптарынан Абай Құнанбайұлы өмір сүрген дәуір келбеті мен тұлғалық қасиеттері анықтайтын мәселелер әртараптан қарастырылған. Әлем мәдениетінің ықпалы, әлемдік классиктердің өмірі мен шығармашылығы Абай тұлғасының жан-жақты дамуына әсер еткен факторларды дәріс тақырыптарынан көруімізге болады. Бұл дегеніміз курсты оқыған жас маман абайтану ғылымының есігін имене ашып, кеудесін тіктеп шығатыны сөзсіз.

Студенттің өзіндік жұмысы, жазба жұмыстары мен бақылау тапсырмаларын салыстырмалы түрде келесі кестеде көрсетеміз.

I ЖОО		II ЖОО	
№	Өздік жұмыс тақырыптары		
1	Абайдың лирикаларының сипаты	элеуметтік сыншылдық	«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың азаматтық тұлғасын талдау
2	Абайдың лирикаларындағы бейнесінің сомдалуы	элеуметтік элеумет	Қазақ әдебиетінің лирика жанрына Абай қосқан мазмұндық және тақырыптық жаңалықтарды саралау
3	Абайдың лирикаларының сипаты	элеуметтік дидактикалық	Абай ұлт тәрбиесі туралы
4	Абай лирикаларындағы көзқарастар	элеуметтік оптимистік	Абай аудармаларының көркемдік ерекшеліктерін тану
5	Әлеуметтік жастар мәселесі	лирикалардағы	
6	Абайдың табиғат көркемдік ерекшелігі	лирикаларының	Абай және Науай
7	Табиғатлирикаларындағы жаңашылдық.		Абай өнер туралы
8	Абайдың табиғат элеуметтік астары	лирикаларының	Абай өлеңдеріндегі троптардың қолданысы

9	Табиғат лирикасындағы пейзаж.	Алаш зиялылары және абайтану
10	Табиғат лирикасындағы адам психологиясының көрініс табуы	М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы
11	Абайдың еркін аудармасы	Абай поэмаларына Шығыс әдебиетінің ықпалы
12	Абай аудармаларының ұлттық сипаты	Абайдың қара сөздерінің тақырыптық-идеялық жіктелуі
13	Абай мен М.Лермонтов арасындағы рухани үндестік	Абайдың қара сөздерінің ақын поэзиясымен үндестігі
14	Абай мен А.Пушкин арасындағы эстетикалық сабақтастық	Қара сөздердің философиялық, танымдық, көкемдік, эстетикалық, этикалық, моральдық, қоғамдық сипаттары
15	Абай мен Д.Крылов арасындағы сыншылдық сырлары	Абай шығармаларының көркемдік-стильдік ерекшеліктері
16	Абай және орыс әдебиеті	Абай поэзиясының тілі
17	Абай және Батыс мәдениеті	Абай шығармаларындағы көркемдеуіш құралдардың жасалу жолдары
18	Абай және Шығыс	
19	Абай қара сөздерінің тақырыптық жіктелуі	
20	Қара сөз бен поэзия арасындағы идеялық сабақтастық	
21	Абай қара сөздеріндегі философиялық иірімдер	
22	Абайдың діни ұғымдарды түсіндіру әдісі	

Білім алушы дәрісте алған білімдерін өздік жұмыс арқылы тақырыпқа терең бойлап, оңайдан күрделіге қарай жүре береді. Яғни, тақырып ашылып, жан-жақты гуманитарлық ғылым салаларымен байланыса түсетіні рас.

Екі кестеде берілген тақырыптар ескірген болуы мүмкін, бүгінгі заман талабына сай емес те шығар, бірақ осы берілген мәліметтерді жақсы меңгерген білім алушы өзінің қарым-қабілетіне байланысты бүгінгі күн тұрғысынан саралауды өзі меңгеріп кететіні сөзсіз.

Абайтанушы ғалымдардың мақсаты өзге ғылым салаларында Абай әлемін таныту, байланыстыра зерттеу болмақ. Бұл іс мүлде жүргізілмеді дегеннен

аулақпыз. Абайтану мен педагогика, абайтану мен психология, абайтану мен философия зерттелді, ендігі кезекте бұл жұмысты жетілдіре беру болашақтың ісі. Абайтануды осы ғылымдардың тоғысында оқытудың әдістемесі мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру абзал. Абай Құнанбаевтың шығармашылық жолын тану процесі қазіргі қазақ әдебиетінің ілгері де өнімді саласына айналғаны хақ. Оған себеп поэзия пайғамбарының ұланғайыр әдеби мұрасы ұлтымыздың рухани әлеміндегі қайталанбас ғажайып құбылыс болуында жатыр.

Абайдың экономикаға, медицинаға, ботаникаға, зоологияға, физикаға, астрономияға т.б. ғылымдарға қатысын анықтап, абайтануды бүкіл ғылым саласында оқыту жұмысын жетілдіру қажет. Ғылымдар тоғысындағы абайтану пәнін оқытуды сөз еткенде, осы жолда талмай еңбектенген әдіскер ғалымдар мен абайтанушы ғалымдардың еңбегін темірқазықтай жолсілтегіш ретінде пайдалана білуіміз шарт.

Қорытынды. Жоғары мектепте «Абайтану» курсы оқыту арқылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласын іске асыру, ұлттың рухани кемелденуіне әкелетін жол. Пәнді барлық маман иелері игерсе, Абайдың жұмбағы «толық адам» ілімінің кілтін табамыз деген үміт басым. Рухани жаңғыру адамның жас шағынан, яғни мектеп қабырғасынан басталуы керек. Олай болса, абайтану мектепте толық енгізіліп, жас ұрпақ Абай ілімі аясында тәрбиеленуі тиісті. Абайды тану мектептен басталып, ғұмыр бойы жүруі тиіс дүние. Әр оқырман Абайдың ойшылдығын жоғары бағалап, оның терең сырлы сөздеріне үңіліп, ой жүйесінен өткізуге ұмтылуы керек. Сондықтан абайтану мәселесіне көп назар аударып, барлық өзгеріс, жетістіктерді қадағалап жүру әр қазақтың парызы.

«Ұлттық мәдени дәстүрлерін жақсы білетін, өз халқының тарихын сүйетін, елдің болашағына тірек бола алатын ұрпақ тәрбиелеу – төл тарихымыз бен мәдени мұраларымыз бүтінделіп, толымды зерттеулер жүргіліп жатқан бүгінгі күнгі басты міндеттердің бірі». Осы міндеттерді жүзеге асыруда педагогтардың атқаратын еңбегі ерекше [3.18].

Қазақ халқында ежелден келе жатқан тәлімі мол үрдіс – ұлт ұлыларының өмірі мен тағылымы арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу. Сөздің құнын да, мәнін де айрықша түсіне білген ата-бабаларымыз сөз өнерін ұлттық тәрбиенің басты құралы ете білген. Сан ғасырлық тәжірибемен екшелген ұлтымыздың осы бір жақсы әдет-ғұрпын бүгінгі оқу мен тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану маңызды екені даусыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/article/217247-abay-dgane-xxi-ghasyrdaghy-qazaqstan>
2. <https://qalamger.kz/literature/ruhaniyat/h-kimni-tojy-s-zden-iske-k-shetin-toj/206>
3. «Абайтану» курсының ғылыми-әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 84 б.

Алимбаев А.Е.

Евразийский Национальный университет им. Л.Н.Гумилева
докторант кафедры казахской литературы, г.Нур-Султан

Вопросы преподавания курса «Абаеведение» в высшей школе

Аннотация. В статье проанализирована методика преподавания курса «Абаеведение» в Высшей школе. В качестве одной из сфер литературоведческой науки рассматриваются цели и задачи обучения подрастающего поколения новым направлениям Абаеведения.

Alimbayev A.E.

L.N.Gumilyov Eurasian National University
Doctoral student of the Department of Kazakh literature, Nur-sultan

Questions of teaching the course "Abay studies" in higher education

Annotation. The article analyzes the methodology of teaching the course "Abay Studies" in Higher education. The goals and objectives of teaching the younger generation new directions of Abai studies are considered as one of the areas of literary science.

Keyword: Higher school, Abay Studies, literary studies, moral personality, upbringing, education.